

Елдің тіршілік-тынысын қамтамасыз ету салаларының бірінші кезектегі жалпы мемлекеттік қажеттері мен тұрақты жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1996 жылғы 19 шілде N 3072. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Елдің қажетті азық-түлік ресурстарын жасақтау, тіршілік-тынысын қамтамасыз ету аялары мен салаларының қалыпты және іркіліссіз қызмет етуін үйлемдастыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің, мемлекеттік органдар мен барлық деңгейлердегі әкімдердің бірінші дәрежелі міндеті:

- биылғы ауылшаруашылық жылындағы астық жинауды ұйымшылдықпен және уақтылы өткізу;

- халық шаруашылығын алдағы күзгі-қыскы кезеңге дайындауды қамтамасыз ету деп саналысны.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметіне, облыстар әкімдеріне барлық нысандардағы ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерге өсірілген ауылшаруашылық дақылдары өнімін уақтылы жинау мен сату, мемлекеттік мұқтаждар үшін астық пен басқа да дақылдарды бірінші кезекте және сөзсіз жеткізу үшін қажетті жағдайлар жасауға тыңғышты шаралар қолдану міндеттесін.

Осы міндеттердің орындалуы үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ж.С.Кәріпжанов пен барлық деңгейлердегі әкімдерге дербес жауапкершілік жүктелсін.

3. Ауылшаруашылық жинау жұмыстарына дайындық пен оларды өткізуге байланысты мәселелерді жедел шешу үшін мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын: Ж.С.Кәріпжанов - Премьер-Министрдің орынбасары (топ басшысы), С.Ш.Ақымбеков - Ауыл шаруашылығы министрі (жұмыс тобы басшысының орынбасары), Н.Ә.Балғымбаев - Мұнай және газ өнеркәсібі министрі, Ю.И.Лавриенко - Көлік және коммуникация министрі, А.С.Павлов - Қаржы министрі, В.В.Храпунов - Энергетика және көмір өнеркәсібі министрі, В.В.Шевелев - Өнеркәсіп және сауда министрінің орынбасары, О.Ә.Жандосов - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы, Б.З.Зиябеков - Қазақ аграрлық - өнеркәсіптік банкі басқармасының төрағасы, А.И.Бектемісов - "Кендала" компаниясының президенті, Ф.Т.Әбділманов - "Өнім" компаниясының

президенті, В.Г.Федченко - "Қазагрореммаш" компаниясының президенті, М.Ғ.Сүлейменов - "Сельхозмаш" компаниясының президенті, Т.А.Хасанов - "Мұнайгаз" компаниясының президенті, Б.С.Садықов - Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының президенті, Р.Д.Әзімов - Халықаралық қазақстандық аграрлық-өнеркәсіптік биржасының президенті.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі, барлық деңгейлердегі әкімдер мен құқық қорғау органдарының басшылары жиналған өнімді сақтауды қамтамасыз ету, оның талан-таражға түсіү мен контрабандалық тасылуын болдырмау жөнінде қажетті шаралар қолданатын болсын.

Жаппай астық жинау науқаны басталғанға дейін Қазақстан Республикасының ТМД-ға қатысушы мемлекеттермен шекарасында бақылау-өткізу пункттерін қалпына келтіру, сондай-ақ елдің астық өндіретін аймақтарының аумақтарында тиісті техникалық және көлікпен жарақтанған осындағы пункттер құру қамтамасыз етілсін.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің электр энергетикасы объектілері мен электр және жылу қуаты тұтынушылар 1996/97 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындауды ұйымдастыру жөніндегі жұмысы қанағаттанғысыз деп танылсын және оған отынның қажетті қорларын жасау мен басқа да қыс алдындағы дайындық жұмыстарындағы артта қалушылықтардың орнын толтыру жөнінде кідіріссіз шаралар қолдану жүктелсін.

Орын алған кемшіліктерді жою туралы 10 күн мерзімде Қазақстан Республикасының Президентіне баян етілсін.

Осы міндеттердің орындалуы үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Г.Штойк пен барлық деңгейлердегі әкімдерге дербес жауапкершілік жүктелсін.

6. Халық шаруашылығын алдағы күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындауды ұйымдастыруға байланысты мәселелерді жедел шешу үшін мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын: Г.Г.Штойк - Премьер-Министрдің орынбасары (топ басшысы), В.В.Соболев - Премьер-Министрдің орынбасары (топ басшысының орынбасары), Н.Ә.Балғымбаев - Мұнай және газ өнеркәсібі министрі, Ю.И.Лавриенко - Қоғамдық мемлекеттік істер министрі, А.С.Павлов - Қаржы министрі, В.В.Храпунов - Энергетика және көмір өнеркәсібі министрі, С.Ә.Жандосов - Ұлттық Банктың төрағасы, М.К.Кетебаев - Қазақстан Республикасының Экономика министрінің орынбасары.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- көрсетілген бағыттар жөніндегі істердің жай-күйі, жүргізілген жұмыс пен қол жеткен нәтижелер туралы Қазақстан Республикасының Президентіне әр 15 күн сайын баяндап тұрсын;

- айна кемінде екі рет баспасөзде астық жинау мен күзгі-қысқы кезеңге

дайындыққа байланысты істердің жай-күйін көрсететін ресми ақпарат  
жариялатын болсын.

8. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы А.С.Есімов пен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ұйымдастыру-бақылау бөліміне жүктелсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК